

**Хирургиялық пәндер бойынша ЖБТ отырысының
№13 хаттамасы (онлайн)**

Астана қаласы

10 маусым 2026 г.
Уақыт: 14:00

Қатысқандар:

Төраға: Хамидуллина З.Г. – «Астана медицина университеті» КеАҚ акушерия және гинекология №1 кафедрасының меңгерушісі, профессор.

Төраға орынбасары: Мырзабекова А.Ж. – «Астана медицина университеті» КеАҚ акушерия және гинекология №1 кафедрасының доценті.

Хатшы: Власенко Т.Б. – «Астана медицина университеті» КеАҚ акушерия және гинекология №1 кафедрасының ассистенті.

Мүшелері:

Фурсов А.Б. – м.ғ.д., профессор, профессор Цой Г.В. атындағы хирургия ғылыми-білім беру орталығы, «Астана медицина университеті» КеАҚ, «Жалпы хирургия» комитетінің төрағасы;

Шиканова С.Ю. – м.ғ.к., профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ акушерия және гинекология кафедрасының меңгерушісі, «Акушерия және гинекология» комитетінің төрағасы;

Джандаев С.Ж. – м.ғ.д., «Астана медицина университеті» КеАҚ ЛОР аурулары кафедрасының профессоры, «Оториноларингология» комитетінің төрағасы;

Дошаканова А.Б. – м.ғ.к., «Қазақтың “Құрмет белгісі” орденді көз аурулары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС дипломнан кейінгі білім беру бөлімінің меңгерушісі, «Офтальмология» комитетінің төрағасы;

Осипов В.Д. – м.ғ.к., доцент, «Астана медицина университеті» КеАҚ сот медицинасы кафедрасының меңгерушісі, «Патологиялық анатомия және сот-медициналық сараптама» комитетінің төрағасы;

Молдабаева А.К. – б.ғ.к., «Астана медицина университеті» КеАҚ ішкі аурулар №2 кафедрасының доценті, «Клиникалық зертханалық диагностика» комитетінің төрағасы.

Шақырылған тұлғалар:

Имашева Багдат Сәкенқызы — ОӘБ РОӘК төрағасының орынбасары.

Күн тәртібі:

2025–2026 оқу жылындағы хирургиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары ЖБТ қызметінің қорытындылары туралы.

2025–2026 оқу жылындағы хирургиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары ЖБТ жылдық есебін бекіту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

2025–2026 оқу жылындағы терапиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары ЖБТ қызметі туралы жылдық есепті ұсынған ЖБТ төрағасы Хамидуллина Зайтуна Ғаділқызы.

Зайтуна Ғаділқызы өз баяндамасында есепті кезеңдегі ЖБТ қызметі медициналық кадрларды даярлау сапасын жетілдіруге, интернатура және резидентура білім беру бағдарламаларын дамытуға, түлектерді тәуелсіз бағалау жүйесін жетілдіруге, медициналық білім беруді сараптамалық сүйемелдеуді дамытуға және саланың нормативтік-әдістемелік базасын жетілдіру бойынша ұсыныстар қалыптастыруға бағытталғанын атап өтті.

Есепті кезең ішінде жұмыс 2025–2026 оқу жылына арналған ЖБТ бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді. Хирургиялық бейіндегі мамандықтар бойынша 14 бейіндік комитеттің қызметін үйлестіру қамтамасыз етілді, медициналық жоғары оқу орындары, сарапшылық қауымдастық және ОӘБ РОӘК арасындағы өзара іс-қимыл ұйымдастырылды. Барлығы ЖБТ-ның 12 отырысы өткізілді.

Резидентура түлектерін тәуелсіз бағалау жүйесін жетілдіруге ерекше назар аударылды. Техникалық спецификациялар мен клиникалық кейстер өзектендіріліп, оңтайландырылды, сондай-ақ бағалау құралдарының оқыту нәтижелеріне сәйкестігі қамтамасыз етілді.

«Акушерия және гинекология» және «Хирургия» мамандықтары бойынша интернатура түлектерінің оқыту нәтижелері өзектендірілді, түлектердің кәсіби құзыреттері келісілді, оқыту нәтижелеріне кол жеткізу индикаторлары нақтыланып, білім мен практикалық дағдыларды тәуелсіз

бағалаудың техникалық спецификациялары оңтайландырылды. Сараптамалық қызметке ерекше назар аударылды. Комитеттер тәуелсіз бағалаудың техникалық спецификацияларына, тест тапсырмаларының банкіне, қосымша медициналық білім беру бағдарламаларына және оқу-әдістемелік материалдарға сараптама жүргізді. Хирургиялық бейіндегі мамандықтар бойынша бірыңғай сарапшылар корпусын қалыптастыру маңызды нәтижелердің бірі болды.

Сараптамалық қызмет аясында «Балалар оториноларингологиясы», «Трансплантология (негізгі мамандық бейіні бойынша)», «Ультрадыбыстық диагностика» бағыттары бойынша «Астана медицина университеті» КеАҚ және «Семей медицина университеті» КеАҚ Павлодар филиалы әзірлеген қосымша білім беру бағдарламалары қарастырылып, оларды жетілдіру бойынша сараптамалық қорытындылар мен ұсынымдар дайындалды.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- ЖБТ-ның 12 отырысы өткізілді;
- 14 бейіндік комитеттің қызметін үйлестіру қамтамасыз етілді;
- жұмыс жоспары толық көлемде орындалды;
- интернатура түлектерінің оқыту нәтижелері өзектендірілді;
- тәуелсіз бағалаудың техникалық спецификациялары жетілдірілді;
- нозологиялар мен шұғыл жағдайлардың тізбелері қалыптастырылды;
- бірыңғай сарапшылар корпусы құрылды;
- қосымша білім беру бағдарламаларына сараптама жүргізілді;
- білім беру траекторияларын, МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындалды;
- жоғары оқу орындары арасындағы өзара іс-қимылды және медициналық ұйымдармен сараптамалық ынтымақтастықты дамыту қамтамасыз етілді.

Төраға ЖБТ қызметіне белсенді қатысып, жоғары кәсібилік танытқан барлық комитеттерге алғысын білдірді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Комитет төрағалары білім беру бағдарламаларын жетілдірудің, білім алушылар мен түлектерді тәуелсіз бағалаудың, тиісті бағыттар бойынша мамандар даярлаудың өзекті мәселелерін, сондай-ақ медициналық білім беруді одан әрі дамыту перспективаларын талқылады.

Талқылау барысында ЖБТ мүшелері комитеттердің жұмыс нәтижелеріне оң баға беріп, олардың жоғары сараптамалық белсенділігі мен хирургиялық бейіндегі медициналық білім беруді дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті.

Сондай-ақ ЖБТ төрағасы мен комитет мүшелері хирургиялық бейіндегі ЖБТ жұмысын «Астана медицина университеті» КеАҚ-ның КПА көрсеткіштеріне енгізуді ұсынды.

2026–2027 оқу жылына арналған техникалық спецификацияларды және өзге де құжаттарды аудару бойынша мемлекеттік тіл бөлімі тарапынан қолдау көрсету ұсынылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ РОӘК төрағасының орынбасары Имашева Бағдат Сәкенқызы хирургиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары ЖБТ қызметінің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын және есепті кезеңдегі жұмыс нәтижелерінің оң екенін атап өтті.

Өз сөзінде Бағдат Сәкенқызы білім беру бағдарламаларын жетілдіру, түлектерді тәуелсіз бағалау жүйесін дамыту, бірыңғай сараптамалық қауымдастық қалыптастыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстың маңыздылығын ерекше атап өтті.

ЖБТ қызметінің Қазақстан Республикасының медициналық білім беруді дамыту стратегиясының бағыттарына және ОӘБ РОӘК міндеттеріне толық сәйкес келетіндігі көрсетілді. ЖОО арасындағы өзара іс-қимылдың, кәсіби сараптаманың және комитеттердің мамандарды даярлау траекторияларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысуының маңыздылығы ерекше аталып өтті.

Сондай-ақ «Аритмология» бағыты бойынша қосымша білім беру бағдарламасына қатысты атқарылған жұмыстар туралы қосымша ақпарат енгізу, сондай-ақ резидентура түлектерін тәуелсіз емтиханнан өткізудің екі кезеңді моделін (компьютерлік тестілеу және клиникалық жағдайлар мен кейс-тапсырмалар арқылы практикалық құзыреттерді бағалау) есепте көрсету ұсынылды.

ОӘБ РОӘК төрағасының орынбасары ЖБТ төрағасына, комитет төрағаларына және барлық сарапшылар қауымдастығына жоғары кәсібилігі, жауапты көзқарасы және медициналық білім беру жүйесін дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы хирургиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары ЖБТ қызметі туралы есеп қабылдансын және ЖБТ жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. 2025–2026 оқу жылындағы хирургиялық бейіндегі медициналық білім беру бағдарламалары ЖБТ жылдық есебі бекітілсін.

Хирургиялық мамандықтар
бойынша ЖБТ төрағасы

Хатшы:

Хамидуллина З.Г.

Власенко Т.Б.